

ЖҮРЕККЕ АБАЙ СӨЗІН САҚТАҒАН ЖАН...

Қазақ халқымен ғасырлар бойы бірге жасап келе жатқан асыл сөздің, шешендіктің небір маржандарынан қорытып, саралап, бойына сіңіріп, бүгінгі күнге жеткізген халық ауыз әдебиеті екені белгілі. Ал сол мол мұраны ұрпақтан-ұрпаққа сары алтындай сақтап, шаң жуытпай, кірлетпей жеткізушілер - халық ақындары мен жыраулары. Сонау өткен тар, қапас заманда халық мұңын жырлаған, елдің, жалпының жоғын жоқтаған, халқымен бірге қуанып, бірге қайғырған, әділін айтып, ақиқат үшін күрескен, дәуір үніне ақындық дауыс қосқан, халқының қасиетін жанымен ұққан, ойы өрелі, шешен тілді жүйріктердің бірі - халық ақыны Төлеу Көбдіков.

Ақындық өнерге ол туған ұяда қанаттанды. Халық «Ер жігіттің үш жұрты бар» дейді, Төлеу ақынның нағашы жұрты өнерлі болған. Анасы Қуандық - Абайдың замандасы, ұлы ақынмен айтыста сөз қағыстырған... Нағашы атасы Сабырбай, оның інісі Түбек, олардың әкесі Ақтайлақ би, Байғара шешен, қу дауысты Құттыбай, нар дауысты Нарынбай би, қалың Найман ішінде он жеті ақын шыққан Сыбан руынан тарайтын шешендіктен алдына жан салмаған әйгілі адамдар болған.

Нағашылары туралы М.Өзевстің «Абай жолы» роман-эпопеясында былайша суреттеледі. «...Қадырбай (жаушы Сабырбайдың шартты түрде осылай атаған - авт.) бұл мәжілістер тұсында даңғыл жолға түскендей бол, жазылып кетті. Кейде соғып өлең айтып кетеді. Өзі жаңылып, ұмытылып қалған жерлер болса, жалт етіп Қуандыққа қарайды. Өрі сулу, майда мінезді Қуандық әкесінің мүдгірен жерлерін тез айтып, есіне түсіріп жібереді.

...Сыбан ойыншыл, сауықшыл ел болатын. Өсіресе осы ауыл - Қадырбайдың әкесі Ақтайлақ заманынан бері қарай айтыс пен әннің базары. Кішкентай күнінен бері сол қалың думан ортасында өскен Қуандық мынандай ойын-қызықтың жаны іспетті.

...Осы кеште Абай мен Қуандық қатар отырып, әзілмен, әнмен, айтыспен де көп жарысты. бұрын айтысқа көп салынбаған Абай әуелі он жағынан салмақ салып, сөздерін ойлаңқырап, бөліңкіреп айтып отырды. Сыбан ішіне Арқаның көп сулу әндері жайылмаған екен. Абай соларды айтумен және ырақ нақысын жамсы жеткізуден Қуандық әнін баса берді» (М.Өзевос. Абай жолы I кітап, ұлматы. 1953, 341-344-беттер). Автор Қуандықтың Абаймен тізгің таластары, үзегі қағыстары айтысқанда еңге де, терме де ест бермей бәсекелескендігін суреттейді.

Осындай ортадан шыққан Төлеу Көбдіков қаршадайынан домбыра тартуға, өлең айтып, ән салуға әуестенді. Баласының қабілетін бірден байқаған анасы Қуандық сөз өнерінің құдіретін ерте кезден ұғындырып, үлкен үміт артты. Баласы Төлеуді Абайға әлденеше рет апарып, кейіннен сөлем айтып, өзін жіберіп отырған. Ондағы ойы - ұлының ғажайып өнер - поэзияға жақын болып, содан нәр алсын дегені. Ұлы ақынның әңгімесін, ақыл - кеңесін, өсиет сөзін естіп өскен Төлеу ақын Абай жайында естеліктер жазған. Абай бойынан өзі аңдаған мінез бас қастырып, терең адамгершіліктің көк сипаттарын ұқсап бақсам деген ізгі ниет ұстанған.

Абай сөзі бар ма алмайтығын, Бекер деп мына жері нанбайтығын, Түр тегіп шамшырақтай жарық қылар, Қайдағы қараңғыны жанбайтығын. Жүрекке Абай сөзін сақтаған жан Қарны ашып, өзегі талмайтығын; Бір көрген қайта-қайта көргісі кел, Сұлудай сүйсе мейір қанбайтығын. Саф алтын Абай сөзі, меруерт - маржан,

Төңіздің төрінен теріп жазған, Білгенге бұдан қымбат зат болмайды, Өрмие, ұқпағана судан да арзан. Жарыққа шығарған соң Абай сөзін, Оянып көп адамға берген сөзім.

Іші - алтын, сырты - күміс қымбатты өлең,

Үлгі бол ақындардың ашқан кезін.

«Ұлы Абайдың дидарын көріп, аузынан ұлағатты сөз естіп, қолынан дәм татқан адамдардың біздің кеңес заманға келіп жеткендері санаулы. Сондай бақытқа кенелгендердің біреуі - Төлеу Көбдіков. Ақын Абаймен кездесуден кейін былай дейді: «Абай сөйлегенде, мейлі ескі ғасырларда болып өткен пайғамбарлардан сөйлесіп, мейлі патшалардан сөйлесіп, қандай әңгіме сөйлесе де, сол айтылып отырған затты көз алдына елестетіп, көрініп тұрғанды ұғынатын еді. Адамға сөздің кестесін өрнектеп, ұғындырып айту сондайлық, мейлі ескі тарихтан сөйлесіп, сөз ұғуды талап етіп, құлағын төсеп, көңіл белгімен ынталы, талапты адамның бір сөзге әңгімесін тыңдаған адам баласы өмірлік азығын арқапал шығуына болады».

Төлеудің тағы бір артықшылығы - әзкепті Абаймен көріскені туралы гирбат естелігін бірінде Абай мен Қуандықтың әңгіме жайын былайша баяндайды: «Өңгіме өлең жайына көшкенде апам, мынау баламын талайы жақсы өлгенді бар ма, оқып көрсін деп тілек білгенде, Абай қалды дептерге жазған өлеңді алып маған берді де, «түсінбейсің ғой» деді.



Бұрын Абайдың жастық жайлы өлеңдерін қызығып жаттап жүргендігімен, дептерді алысымен қонақ үйге апарып түні бойы, таңертең ерте де көп оқыдым... Абайдың сөз орамы, өлеңді ұйқастыруы - ол кездегі ешбір ақыңға ұқсамайтын артықша екендігін ағарғандай едім. Өзім түсініп, қызығып оқыған жерлерімді жаттап, жазып алып отырдым». (Абай музейінің қоры, КП-17/3 «Абайды төрт рет көруім» естелігі, 1945 жылдың 30 қаңтарында жазған).

Төлеу Көбдіков ақындық өнерге зор баға бере отырып, Абайдың дәстүрін үлгі етті. Ол сөзді орын-орныммен құрайтын, арасына татымсыз, жеңіл сөз араластырмайтын қасиетті ақындықты іздеген. Сондықтан да 1915 жылы жазған бір өлеңінде:

Айтушы аз, ұғушы көм, күтуші жоқ, Жібектің жүн болмағы түтпегеннен. Өлеңді үлгі емесі, жыңды дейді, Бұл сөзді жай жүрелік жүктегеннен, - деп ақындықтың қадірі көткеніне не ашына отырып жазды. Ақын осы өлеңімен Абай дәстүріне жай ғана өліктеп қоймай, сыншыл реализм дәстүрін меңгере бастағанын байқатады. Төлеу ақын өлеңнің қадірін білмеуді сынап, «айтушы» мен «тыңдаушыдан» бірдей біктікті талап етеді және оған үшінші «күтушіні» қосады. Абайдың «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы» атты өлеңінде «айтушы мен тыңдаушы көбі نادан, бұл жұрттың сөз танымас бір парасы» деп келетін жолдары барын білмейді. Ұлы ақынның осы өлеңінің стиліне өлеңнің мәнері анық байқалады.

Ақынның: Хордың қызы, перінің жігітіндей Көрінеді бұл күнде жастар маған. Жас өмір қараңғыда зая көтіп, Арманым осы өмірде жас болмаған, - деуі көкірегін жарып шыққан шындық пен екіншіті аңғартады. Осынау жыр жолдары

Абайдың: Жасыма ғылым бар деп ескермедім, Пайдасын көре тұра тексермедім. Ержеткен соң түспеді ұсыма, Қолымды мезгілінен көш сермедім, - деп келетін өлеңімен үндесін жатыр. Төлеу ақын «Қойгелдігі» өлеңінде дәулетіне мастанып, құдайын ұмытқан пасық та тоғышар байдың портретін тамаша бейнелейді:

Дәулеті мол, кесек, Мал болғанмен, қайыр жоқ. Ойланғаны - өлеп, Күші адал, сүті арам, Бейне хайуан есек. Тәуір кісі дер еді, Өзіңдей отпап, былышыңа, Не болса соны жөсек, Басымызда шұлғып, Байдікі жөн десек.

Ақын шындықты Қойгелдің бетіне баса отырып, қайырмыссыз, сараң байдан сын тезіне алады. Өжаумен кекеп, өліп, маззак қылады. Сонымен бірге осы өлеңінде сынау, мінін бетіне айту ғана емес, өз кемшілігінді түзет деген ишара да жатыр. Ақынның бұл өлеңінен Абай үлгісін ұстана отырып, соған өліктеп, оның «Дұтбайға», «Бойы булған» өлеңдерінің құрылысымен жазылғанын байқаймыз. Ақын қазақ поэзиясында сатира саласын жаңа белеске көтерген Абай ізімен адам портретін жасауға ұмтылған.

«Өз дәуірінің қатал сыншысы, елдегі сорақылықтардың бітіспес мінішісі

болған Абай сияқты, Төлеу де өз арнауларында елдегі топас байлардың тамаша портретін жасап, жыр семсерімен аяусыз түйрейді. Ол өткір сөздерімен Қойлыбай мінезінің айқын қырларын дәл танытады.

Сексенге келгенше қолынан қаламы түспеген Төлеу ақын ақындық өнер туралы да жыр тербеген. Осы тақырыпта «Сыр», «Өрхамға», «Өзіңе талап» сынды өлеңдер жазған.

Алдыңғы Абайлардан болмаса да, Өлімше шығарушы ем сөзден өрнек, - дейді ақын. Өлең өнеріне ақынның қояр талабы қатаң.

Өлеңге өркімнің-ақ құмары бар, Ішінде аз-маз ғана ұғары бар. Көң жамап, былғарыға былғамалық, Өр сөздің өз жөнімен ұғары бар, - деп өлеңге сыншылдықпен қарайтынын байқатады.

«Өлеңге өркімнің-ақ құмары бар», - деп қазақта ақынның көп екенін, ал «Ішінде аз-маз ғана ұғары бар», - дегенде, дарынды қазақтардың саны одан аз екенін айтады. Бұл жерде Төлеу ақынның ойы ұлы Абайдың:

Өлеңге өркімнің-ақ бар таласы, Сонда да солардың бар таңдамасы. Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысың, Қазақтың келістірер қай баласы? - деген ойымен мазмұндас, үндес екенін көреміз.

Төлеу, ақындық өнерді жырлаумен қатар, осы өнердегі өзі бір тұтқан данышпан Абайға арнап «Абай» атты толғау жазған.

Қазақтың мәңгі айнасы - Абай құтып, Адамзат алған емес сөзден ұтып. Насихат таусылмас көл-дариясынан Отырмыз жүзіп ішіп, жалдап жұтып. Абайдың сөзі бар ма алмайтығын, Бекер деп мына жері нанбайтығын. Түр тегіп шамшырақтай жарық қылар, Қайдағы қараңғыны жанбайтығын. Жүрекке Абай сөзін сақтаған жан, Қарны ашып, өзегі талмайтығын.

Халық ақыны Төлеу Көбдіков Абай мұрасын жасынан жаттап, өнегелі сөздерін терең түйсікпен түсініп, үлгі тұта отырып, басқа да ақындарды Абайдан үйренуге шақырды. Төлеу ақын Абайдың ұлылығын дүниеге келтірген булақтан мейірі қана сусындаған және халықтың бай ауыз әдебиетінен нәр алып, жазба әдебиетке жол тартқан. Абайдың асқан көрегендігіне, ақындық дарынына қайран қала отырып, ұлы ақынның өлеңдерін ақындық өнердің үлгісі деп мойындады.

Төлеу Көбдіков - жас күнінен өлеңді өнердің білгі деп есептеген ақындық ортада өскен, ұлы Абайдың өлеңі булағынан қанып сусындап, өміріне рухани азық, өнеге-ұлағат алған халық ақындарының ішіндегі Абай дәстүрін жалғастырушылардың және ақындық өнердің көшін ілгері жылжытқан ақындардың көрнекті өкілі.

**Нұрсұлу САНАҚБЕКҚЫЗЫ,
Абайдың «Жидебай-Берлігі»
мемлекеттік тарихи-мәдени және
әдеби-мемориалдық
қорық-музейінің жетекші ғылыми
қызметкері**